

**Аукцион өткізушілердің аукционнан алым төлеушілер мен салық салу объектілері туралы ақпаратты ұсыну нысанын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 10 шілдедегі № 313 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 05 тамызда № 8593 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 23 ақпандағы № 273 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 273 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 468-бабы 2-тармағына сәйкес және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес аукцион өткізушілердің аукциондар бойынша салық органдарына аукциондардан алым төлеушілер мен салық салу объектілері туралы ақпаратты ұсыну нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің Салық комитеті (Ә.С. Жұмаділдаев) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның кейіннен ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрі Салық комитетінің төрағасына (Ә.С. Жұмаділдаев) жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Жәмішев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Статистика  
агенттігінің төрағасы

\_\_\_\_\_  
Ә.А. Смайылов

2013 жылы 08 шілде

**20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ үшін  
аукциондардан алым төлеушілер мен салық салу объектілері туралы  
ақпарат**

№	Мүлікті (мүліктік құқықтарды) аукциондарда сату үшін шығарған заңды тұлғалардың атауы немесе жеке тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты*	ЖСН /БСН	Аукцион өткізілген күні	Аукцион өткізілген орыны	Аукцион өткізу әдісі	Сатылған мүліктің (мүліктік құқықтардың) құны, мың теңге	(Орындау санкциясының сомасы, мың теңге	Мемлекеттік бюджетке төлеуге жататын аукциондардан алым сомасы (7 баған – 8 баған) x 3%), мың теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9
	Жиыны:							

Мәліметтерді қабылдаған адам

\_\_\_\_\_  
(Аукцион өткізуші бастығының  
тегі, аты, әкесінің аты)

\_\_\_\_\_  
(қолы, мөрі )  
\_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты  
қызметі)

\_\_\_\_\_  
(ақпаратты жасауға жауапты  
адамның тегі, аты, әкесінің  
аты)

\_\_\_\_\_  
(қолы)

Мәліметтерді жасау күні 20\_\_ жылғы  
"\_\_" \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(қолы)

Мәліметтерді қабылдау күні  
20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

\* Сату фактісіне қарамастан, аукционда сату үшін мүлікті (мүліктік құқықты) шығарған барлық заңды және жеке тұлғалар көрсетіледі